

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫМЕН ХАЛЫҚ ТЫҒЫЗДЫҒЫҢ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, КӨТЕРМЕ-БӨЛШЕК САУДА ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛА ЖОСПАРЫНДА ОРНАЛАСУ АНАЛИЗІ

**Усенбай Алина Еркінқызы**

*alina\_ussenbai\_96@mail.ru*

Л. Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің « Сәулет-құрылыс »  
факультеті, « Сәулет » кафедрасының магистранты. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Черныш Н. А.

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік жағдайың анықтау барысында 3-топқа жіктеледі:

1. Халық тығыздығы

2. Халықтың аудандар бойынша жіктелуі мен олардың әлеуметтік жағдайы

3. Нұр-Сұлтан қаласының көтерме-бөлшек базарларымен сауда орындарының қала жоспарында орналасуына сипаттама. ("Қазіргі таңдағы көтерме-бөлшек сауда орындарының қала жоспарында орналасу анализімен олардың функционалдық зоналарға жіктелуі" атты мақалада толық талқыланады)

1. 1830 жылдан бастап Нұр-Сұлтан (Астана) қаласының қала болып тұрақталуына дейін халық саны қарқынды өсуде және түрлі демографиялық үрдістермен ерекшеленеді. Халықтың өсуіне әсерін тигізген Қазақстанның астанасын 1997 жылы Алматыдан Астанаға көшіру басты рөл атқарды. ҚазСТАТ-тың мәлімдеуінше 2016 жылы Нұр-Сұлтан (Астана) қаласының халық саны 880191 құрады, дегенімен 2016 жылдың аяғында Нұр-Сұлтанның (Астана) 1000000 тұрғыны дүниеге келді деп мәлімдеді. Жалпы Нұр-Сұлтан (Астана) тұрғындарының нақты санын анықтау үшін халықтың уақытша регистрацияға тіркелу жоспары өз көмегіне тигізді. Ресми түрде 1000000 адам тіркелінді, одан бөлек 205000 адам уақытша тіркелген болып шықты. Дегенімен жыл сайын елордамызда табиғи өсіммен қатар көші-қон тұрғындарының 5-7 пайызбен өсуі, халықтың барлық бағытта сұранысының артуына, әсіресе сауда саласында үлкен қиындықтарды туғызып отыр.

2. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласы 4-ауданға бөлінеді: Алматы ауданы, Байқоңыр ауданы, Сарыарқа ауданымен Есіл ауданы. (Кесте-1) Аудандар аумағымен халық тығыздығына шағын сипаттама. (Сурет-2, Кесте-3) [<https://ru.wikipedia.org/wiki/Нур-Султан>]

|  | Аудан                    | Аумағы км <sup>2</sup> | Халық тығыздығы                                     |
|--|--------------------------|------------------------|-----------------------------------------------------|
|  |                          | 16.03.2018             | 2018-2020                                           |
|  | Алматы                   | 154.72                 | 307 265                                             |
|  | Байқоңыр                 | 181.30                 | 214 950                                             |
|  | Есіл                     | 393.58                 | 203 608                                             |
|  | Сарыарқа                 | 68.5                   | 325 125                                             |
|  | <b>Нұр-Сұлтан қаласы</b> | <b>798.1</b>           | <b>1050 948-2018жыл</b><br><b>1136 008-2020 жыл</b> |

Нұр-Сұлтан қаласының аудандарға жіктелуімен халық тығыздығы (Кесте-1)



| Аудан, аумағы                             | Халық саны         | Сипаттама                                      |
|-------------------------------------------|--------------------|------------------------------------------------|
| Алматы ауданы-<br>154.72км <sup>2</sup>   | 307265             | Аумағы аудандар бойынша орта, халық саны көп   |
| Байқоныр ауданы-<br>181.30км <sup>2</sup> | 214950             | Аумағы аудандар бойынша орта , халық саны орта |
| Есіл ауданы-<br>393.58км <sup>2</sup>     | 203608             | Аумағы аудандар бойынша үлкен, халық саны аз   |
| Сарыарқа ауданы-<br>68.5км <sup>2</sup>   | 325125             | Аумағы аудандар бойынша кіші, халық саны көп   |
| Нұр-Сұлтан қаласы                         | Халық Саны жағымды | Аумағы мен халық тығыздығы сәйкес келмейді     |

Нұр-Сұлтан қаласының аудандар аумағы бойынша жіктелуі (Сурет-2, Кесте-3)  
Аудандардың бөліну жоспары [<https://ru.wikipedia.org/wiki/Нур-Султан>]

### Нұр-Сұлтан қаласының аудандар бойынша халықтың әлеуметтік жағдайлары:

1. Алматы ауданының тұрғындар тығыздығы 307265-мың құрайды, олардың көбісі орта жағдайға ие. Бірінші себебі пәтер бағаларымен айлық жалға алу көлемі Есіл ауданымен салыстырғанда төмен көрсеткішті құрайды. Екінші себеп ол Университеттердің осы ауданда орналасуы студенттер санымен студенттер үйінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Үшіншіден халық саны аудан аумағымен салыстырғанда тығыз орналасқан. Төртіншіден бұл аудан Есіл ауданымен салыстырғанда ерте құрылу барысында халықтың ерте көшіп келуіне, тұрақталуына себепші болды.

Бұл маңда орналасқан кәсіпорындар: Евразия сауда орны, Аружан трц, Магнум супермаркеті, Рахмет сауда орны тб.

2. Байқоныр ауданының тұрғындар тығыздығы 214950-мың құрайды, олардың көбісі төмен жағдайға ие. Мұндада пәтер жалғаларымен пәтер бағаларының Алматы ауданымен салыстырғанда кіші көрсеткішті құрайды. Екінші жағдай ол, темір жол станциясының орналасуы мен жеке кәсіпорындарымен өнеркәсіп фабрикаларының,

металлургия өндіру орындарымен тауар әкелу қосымша жолдары (тупик) орналасқан. Қала сыртындағы Алаш шоссе бойында Нұр-Сұлтан қаласының көтерме-бөлшек базарлар орталық мекені болып табылады.Төртінші жағдай университеттің орналасуы студенттер санының көптігіне әсерін береді.

*Бұл маңда орналасқан кәсіпорындар: Шанхай базары, Көк-Базар, Орталық базар, Шарың базар, Самғау сауда орны, Магнум супермаркеті тб.*

3.Сарыарқа ауданының тұрғындар тығыздығы 325125-мың құрайды, олардың көбісі төмен жағдайға ие. Ең бірінші айқын көрініс халық санының көп болуымен аудан аумағының тым кіші көлемді құрауы, басқа аудандармен салыстырғанда ерте құрылыу тек көтерме-бөлшек базарларымен сауда кәсіпорындарының жағдайы ғана емес қоса тұрғын үйлермен жұмыс орындарының моральді түрде ескірген форматты құрауы, әрине онымен қоса пәтер бағаларымен жалға көлемі минималды дәрежеде беріледі. Дегенімен бұл ортада сауда орындары жеткілікті түрде орналастырылған, яғни жері аз, бірақ халқтың көп болуымен тығыз орналасына байланысты жеткілікті көтерме-бөлшек базарларымен сауда орындары орналастырылған.

*Бұл маңда орналасқан кәсіпорындар: Артем базары, Тұлпар сауда орны, Асем сауда орны, Алем сауда орны тб.*

4.Есіл ауданының тұрғындар тығыздығы 203608-мың құрайды, олардың көбісі жоғары жағдайға ие. Бұл елордамыздың жаңа бағытта дамуымен сәулеттік шешімдердің басқа аудандармен салыстырғанда ерекшеленетін, сонымен қатар бірді-бір базарлардың орналаспауы, тек жаңа форматты және орта форматты ТРЦ-орталықтары құрайды, соның ішінде Мега Силк Уей- ТРЦ орталығын көтерме-бөлшек сауда орнына жатқызуға болады. Мұнда тек сауда кәсіпорындары ғана емес сонымен қатар жаңа тұрғын үйлермен қоса жаңа сквермен парктер, спорт кешендері, дәрежелі түрде орналасқан бизнес орындармен үлкен имараттар орналасқан. Сол себепті мұнда пәтер бағаларымен пәтерді жалға алу көлемі өте жоғары болуы, осы ауданда мекен ететін халықтанда жағдайының айқын бір көрсеткіші. Есіл ауданың өзінің тұрақталған атау бар- Ол бизнесмендер орталығы.

*Бұл маңда орналасқан кәсіпорындар: Хан-шатыр-ТРЦ, Мега Силк Уей-ТРЦ, Сарыарқа-ТРЦ, Керуен-ТРЦ, Керуен Сити-ТРЦ тб.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Нур-Султан>
2. Великовский Л.Б. Архитектура гражданских и промышленных зданий. Основы проектирований. - Москва,1976. - 89.
3. <http://www.tadviser.ru/index.php> - мировой рынок